ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY

ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ

Студенттер мен жас ғалымдардың «Ғылым және білім - 2015» атты X Халықаралық ғылыми конференциясының БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ X Международной научной конференции студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS of the X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың Х Халық. ғыл. конф. = Х Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015

барлығындағыдай бәсеке жоғары болып отыр. Алайда, бұл ірі құрылымдар үшін тиімді. Себебі, мұнда түскі асын жеуге келген адамдардан бөлек, достарымен көңіл көтеруге келген тұтынушылардың саны да көп болып отырады. Осыған орай, fast-food компаниялары балаларға арналған арнайы демалыс бөлмелерін ашып, онда ойыншықтарды беріп отырады [9].

Қазіргі нарықтық экономика орныққан қоғамда қоғамдық тамақтану орындарының маңызы мен әсері өте зор. Өйткені күн өткен сайын адамзат баласына қызмет көрсету саласы даму үстінде. Тамақтану - адам үшін маңызды үрдіс. Адам ассыз өмір сүре алмайды. Тамақтану индустриясының мемлекеттің қоғамдық ұдайы өндірісіндегі рөлі өсуде. Қоғамдық тамақтану орындары – мемлекеттің іс-әрекет сапасы туралы куәлігінің негізгі звеноларының бірі. Демек тамақтану кез келген адам қатысты саламен тікелей байланысты. Тамақтану индустриясы қазіргі таңда бөлек жеке салаға айналуда. Қазақстандағы қоғамдық тамақтану орындарының қазіргі жағдайы орташа деңгейде. Ол соңғы кризис жылдарының әсерінен біраз құлдырауға ұшырады.

Жұмысымды қорытындылай келе мынадай ұсыныстар жасай аламын:

- тамақтандыру орындарының қызмет көрсету сапасын жоғарылату;
- мамандар дайындау, кадрлардың біліктілігін арттыру, атап айтқанда, даяшылар бірнеше тілді меңгерулері керек.;
- Қазақстан Республикасындағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының дамуына қолайлы жағдай жасау;
- тамақтандыру кәсіпорындарының дамуына Батыс тәжірибесін қолдану;
- сертификаттау мен стандарттау талаптарын қатаң бақылауға алу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Агамирова Е. В. «Управление персоналом в туризме и в гостинечно-ресторанном бизнесе», Москва, Дашков и К, 2008, 345б;

2. Бандаренко К. Классификация предприятий питания, Москва, Форум, 2001, 252б;

3. В. Г. Федцов, «Организация обслуживание гостей питанием», Москва, Феникс 2003, 195б. 4. Ефимова О. П., Ефимова Н. А. «Экономика гостиц и ресторанов», оқу құралы, Москва, «Новое знание», 2009, 245б.

5. Карнаухова В. К. «Сервисная деятельность», оқу құралы, Москва-Ростов, 2006, 459б;

6. «Сервис и туризм», сөздік-анықтамалық энциклопедия, Москва «Альфа – М», 2008, 534б; 7. Устенова О. Ж. «Основы организации туристской и гостинечной деятельности», оқу құралы, Алматы, РУИЦ 2009, 289б;

8. Ростов Н. Д. «Интерьер и оборудование гостинец и ресторанов», оқу құралы, Феникс 2003, 320б;

9. Горинбургов М. А. «Бизнес планирование в гостиничном и ресторанном деле», оқу құрады, Д.А.Р.К., 2008, 273б.

10. Электрондық ресурс: www.oldkazakh-tv.softdeco.net

ӘОЖ 338.46:502/504(574)

ЕЛІМІЗДЕ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА ӨТУ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Салкен Д.Б
Әшірәлі Қ.Қ
Kerei_samay@mail.ru
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, туризм мамандығының 1-курс студенттері, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Рустемова С.М.

Мақалада еліміздің жасыл экономикаға өтудегі негізгі кезеңдері, алғышарттары мен бағыттары көрсетілген. Сондай-ақ жасыл экономикаға өткен елдерге мысал келтіріліп, оның шынымен де дамудың жаңа бір саласы екеніне көз жеткізілді.

Негізгі ұғымдар: жасыл экономика, таза технологиялар, инвестиция, жалпы ішкі өнім.

Бизнес ортада жасыл экономика ұғымы ең жоғарғы назарда болуда. Қаржы қорлары, венчурлық капиталистер, алдыңғы қатарлы елдер үкіметі, бизнесмендер және тұтынушылар қазіргі таңда жасыл экономиканы құруда. Энергия тиімді технологияларда және табиғи инфрақұрылымдарда инвестиция адекватты қайтарымдар әкелуде.

2009 жылғы бүкіләлемдік Экономикалық форум жасыл экономиканы дамудың жалғыз жолы ретінде қарастырып,оны жаңа жаһандық бағамын бастап және бағдарламаның өткізілуіне (1% әлемдік ЖІӨ дан –жалпы ішкі өнім) $750 миллиард бөлінген.

Жасыл экономиканың негізінде - таза немесе «жасыл» технологиялар "cleantech немесе greentech) жатыр, олар инвесторларға және сатып алушыларға ұсынатын бәсекеге қабілетті табыс және бір мезгілде ғаламдық проблемалардың шешімдерін қамтамасыз ететін жаңа технологиялар.

Таза технологиялар тұтынушы мінез-құлығын,технологияларды және өнімдерді түбегейлі өзгертуде жаңа инновациялық тәсілдерді жарата отырып, экологиялық мәселелердің себептерімен жұмыс істейді.

Таза технологиялар сатып алушылар қалауымен ынталандырылады, сондықтан да базардағы қаржы нәтижелері жақсы табысқа ие болуда.

Таза технологиялар нарығы тауарлар, қызметтер, салтанатты өнімділік шығындарды төмендетуде қамтамасыз етілген процесстердің кең спектрі ретінде таныстырылған, бұл табиғи ортадағы келеңсіз жағдайларды болдырмау, табиғи ресурстарды тиімді қолдану шараларына оң әсерін тигізеді. [1]

«Жасыл» экономика тұжырымдамасы (ЖЭТ) өзіне бірқалыпты даму сұрақтарына қатысты философия және экономикалық ғылымдағы көп басқа бағыттардың ойын қосады (феминист экономикасы, постмодернизм, экологиялық экономика, қоршаған орта экономикасы, глобализмға қарсы, халықаралық қатынастар теориясы тағы басқалар) .

ЖЭТ жақтастары қазіргі экономикалық жүйе жетілмеген деп есептейді. Бір жағынан ол жалпы адамдардың әсіресе оның жеке топтарының өмір сүру жағдайларында белгілі нәтижелер берсе де, сонымен бірге бұл жүйенің қызмет етуінде келеңсіз салдары да елеулі: бұл экономикалық проблемалар климаттың өзгеруі, шөлдену әртүрлі тіршілік түрлерінің жоғалуы), табиғи ресурстардың таусылуы, тұщы су жетіспеушілігі, кең ауқымды кедейлік,азық-түлік, қуаттың жетіспеушілігі, адамдар мен елдердің теңсіздігі.

Бұл бәрі биологиялық ыдыстың төмендеуін ескертеді және соның әсерінен адамдардың тіршілік әрекетінің,тіршілік ортасының төмендеуі.

Бұл жағдайларда, адам баласының дамуы және тірі қалудың альтернативасы «жасыл» экономикаға өту, яғни табиғи экожүйелерге, қоршаған ортаға нұқсан келтірусіз адамның әл-ауқатын бағамдайтын келешектегі ұзақ мерзімді экономикалық жүйе түрлері. [2]

Өткізілген «РИО + 20» саммитінен кейін қазақстандық қоғам күштері «жасыл» экономикаға өту стратегияларын таратуға бағытталған. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің бастамасы бойынша «жасыл» экономикаға өту тұжырымдамасы құрастырылды.Тұжырымдамада ең алдымен негізінен экономика салаларында қайта құруға бағытталған басты міндеттер тізбесі таныстырылған.

«Жасыл» экономикаға өту шеңберінде жобаланады:

- ресурстар тиімділігін жоғарлату;
- қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру;
- халықтың әл-ауқатын жақсарту;

Тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңде жоспарланады:

– бірінші кезең – 2013-2020 жылда - ресурстарды пайдаланудың оптимизациясы және табиғи ортаны қорғау қызметінің тиімділігін жоғарлату, сонымен бірге «жасыл» инфрақұрылым жасау;

– екінші кезең – 2020-2030 жылда - табиғи қорларды ұтымды пайдалану, жоғарғы технологиялардың негізінде жаңартылатын энергетиканы енгізу;

– үшінші кезең – 2030-2050 жылда - ұлттық экономиканың «үшінші өнеркәсіптік революция» ұстанымдарына өтуі;

«Жасыл» экономиканың дамуының жеті маңызды бағыттары:

Бірінші бағыт - жаңғыртылатын қуат көзінің енгізілуі.

Пайдалы қазбаларды одан әрі сақтау туралы сұрақтар ауқымды орын алады.

Біздің мемлекетіміз табиғи ресурстарға бай ел деп саналады.

Мұнай, газ – бүкіл әлемде ең ірі энергетика ресурстардың бірі ретінде саналады, бірақ тіпті оларда өз заманында таусылады, демек өмір үшін жаңа ресурстарды табу қажет. Бұл ретте, Қазақстанда жақсы экожүйенің бар болу дерегі,яғни топырақпен, суымен және орманы мен байлығы, басқа елдердің алдында өз позициясын едәуір жоғарылатады.

Екінші бағыт - тұрмыстық-коммуналдық шаруашылықтағы энергиялық тиімділік.

Соған байланысты кеңес одағынан кейінгі уақытта орнаған қалалық тұрғын үй қорының едәуір бөлігі жылуды оқшаулайтын тиімсіз кешендермен жабдықталған, қазіргі уақытта ондай жылу жүйесі елеулі жылулық шығындарға алып келуде. Қазақстанда қазіргі таңда жылумен қамтамасыз ететін құралдардың ақауларын жөндеу іс-шаралары жүргізетін энергосервистік компаниялар әрекет жасайды.

Үшінші бағыт - ауыл шаруашылығында органикалық егіншілік

Осы бағыт бойынша ең алдымен синтетикалық тыңайтқыш өнімдерінен (пестицидтер), әр түрлі жем қосымшаларынан бас тарту қарастырылады. Өнімділікті қамтамасыз ету үшін екпе өсімдіктердің жақсы өсуі үшін органикалық тыңайтқыштарды пайдалану туралы сөз қозғалады. Ауыл шаруашылығын «көгалдандыру» халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бірақта бұл ретте табиғи қорларға зиян тигізбейді.

Қазақстан келесі бағыттар бойынша әрекет жасауды жоспарлайды:

– топырақ құнарлылығын басқару;

– суды тиімді пайдалануы;

– өсімдіктерді мен жануарлардың денсаулығын басқару ;

– фермаларды механикаландыру;

Төртінші бағыт - қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру:

Қалдықтарды басқару сұрағы ерекше орын алады. Лас көшелер мен қоқыс тастайтын жерлерге жиірек кездесесің және қандай болса да осындай жағдайларды бақылаудың жоқтығы байқалады. Осындай жағдайлармен байланысты қалдықтарды екінші өндірістік цикл өнімі ретінде пайдалану ұсынылған.Мысалға алатын болсақ қатты тұрмыстық қалдықтарды кешенді қайта өңдеу технологиясы Алматыда жүзеге асырылып, баламалы отын алынуда.

Бесінші бағыт - су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру

Су-экожүйенің біртұтастығын және адамзаттың өмір сүруін қамтамасыз ететін табиғи компонент кілті болып отыр.

Осыған байланысты су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселесі зор ауқымды сұрақ болып әлі де қалады.

Алтыншы бағыт - “таза” көлікті дамыту

Қазақстанда көпшілік тасымалдар дизель/жанармаймен жүргізіледі. Қазіргі уақытта көпшілік тасымалдаулар (дизель) жанармайдың негізінде жүзеге асады. Ең алдымен бұл көліктерден газдардың шамадан көп ауаға тарау мүмкіндігін туғызады.

Жетінші бағыт - экожүйелерді тиімді басқару

Осы бағыттағы қызмет негізінен еліміздегі бірегей жаратылыс байлығының сақталуына бағытталған.

«Жасыл» экономикаға көшу бірте кең ауқымды қызығушылық тудырып және танымалдылыққа ие болуда. «Жасыл» экономика ең алдымен экономикалық прогреске мүмкіндік туғызады және мыналарды қамтамасыз етеді:

– ішкі жалпы өнімнің өсуі;

– ел табысының өсуі;

– елде жұмыссыздық көрсеткішінің азаюы, халық үшін жұмыс орындарының жасалуы;

Бұл ретте «жасыл» экономикаға өту жаһандық қауіптерді төмендетеді,яғни климаттың өзгеруін,су тапшылығын және пайдалы қазбалардың азаюын.

«Жасыл» экономика бағдарламасының даму шеңберінде Қазақстан 10 маңызды экономика секторларындағы қаражатын инвестициялауды жоспарлайды:

– ауыл шаруашылығы;

- тұрмыстық-коммуналдық шаруашылығы;

– энергетика;

– балық шаруашылығы;

– орман шаруашылығы,

– өнеркәсіп;

– туризм;

– тасымалдау;

– кәдеге жарату және қалдықтарды қайта өңдеу

– су ресурстарын басқару. [3]

Таза экологиялық экономиканы ынталандыруда мысалы ретінде Оңтүстік Кореяны келтіруге болады,өйткені ол «жасыл өсу» жолын ұлттық стратегия түрінде қабылдаған жалғыз мемлекет болып отыр. Деректер бойынша Оңтүстік Корея инвестициялары 9, 3 миллиард болды, бұл ($12, 09 миллиард) евро. Олар «жасыл» техника көлік түрлі , тұщы судың баламалы көздері, қалдықтарды қайта өңдеудің технологияларын құрастыруды қарастырды.Тағы 19, 3 миллиард евро қарыздарды жабуға және бизнес үшін қалалардағы саябақтарды дамытуға,қалаларды көгалдандыруға,өзендерді жайғастыру үшін салықтарды қысқарту қарастырылды.

Экотуризм «жасыл экономиканың» айқын мысалы бола алады.Жыл сайын Оңтүстік және Солтүстік Америка елдерінде 5 миллион долларлар табысты алып келетін туристер ентелейді (бұл ұлттық саябақтарға кіру үшін ғана төленетін ақы). Зерттеулер бойынша ұлттық парктер аймағында тұратын халықтың еңбек жалақысы жоғары, жұмыспен қамтамасыз етілу көрсеткіші жақсы және кедейлік деңгей төмен көрсеткішті көрсетеді.[4] Еуро одақ экоиндустриясының жылдық айналымы 300 млрд евродан жоғары көрсеткішті көрсетеді. (ЖІӨ 2,5%), 3,4 млн адамға жуық (1,5 % барлық жұмысқа қамтылған) адамдар осы салада қызмет жасайды. Барлық инвестициялардың ширек бөлігі бұл - таза технологиялар инвестициясы. [5]

ЕЭК (Евразийская экономическая комиссия) БҰҰ аймағының бір қатар елдерінде «жасыл экономиканы» енгізу бағдарламалар және жобаларды енгізуде оңтайлы тәжірибелер бар. Мысалға, Польша Республикасының қоршаған ортаны қорғау министрлігі GreenEvo жобасын енгізуде. Оның мақсаты-Польша аймағында қарастырылып және тіркеліп, өз тиімділігін дәлелдеген инновациялық "жасыл технологияларды" әлемдік нарыққа шығаруда іздестірулер және сұрыптаулар жасау. Польша қоршаған орта министрлігінің басқаруымен құрылған межведомствалық кеңесі көрсетілген технологияларды сұрыптау және талдау жұмыстарын атқарады. Көсетілген технологиялар министрліктің деректер қорына енгізіледі және әлемдік нарықтарға жылжиды. Қосымша жұмыс орындарын жасау және көмір өндіргіштерін жою мақсатында Онтарио Канадалық провинциясы - ең қалың ел, ол 2009 жылы қазан айында арнайы жаңғыртылатын қуаттың өндірушілерін ынталандырудың бағдарламасын бастады. Осы құжатқа сәйкес провинция электр энергиясының операторларына жаңғыртылған қуат көзін пайдалану үшін қаржылай жәрдем бере алады. Бұл ретте негізгі мақсат - 2050 жылға дейін Онтариоға 37 пайызға дейін жаңғыртылатын қуат көзінің үлесін көбейту болып

табылады. [6]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Электронды ресурс**:** http://www.regreenlab.ru/ru/green-economic
«Зеленая экономика»
2. Электронды ресурс: http://www.sustainabledevelopment.ru/index.php?cnt=212
Б.К.Есекина «Зеленая экономика»: мировой опыт и Казахстан
3. Электронды ресурс: http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/bus_nat_eco/ecologiya/article/green_ekonomika&lang=ru
Қазақстан Республикасының элетрондық үкіметі сайты «Зеленая экономика – экономика будущего»
4. Электронды ресурс**:** http://group-global.org/ru/publication/10269-ekologicheskiy-turizm-odin-iz-novyh-napravleniy-rosta-zelenoy-ekonomiki
Маулен Асем, Ақнұр Қуанышқызы: УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ И «ЗЕЛЕНАЯ ЭКОНОМИКА» В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ
5. Электронды ресурс**:** http://proza.ru/2013/02/19/2075
Влад Лившиц Зеленая экономика
6. Электронды ресурс : http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31255528

ӘОЖ: 338.48:339.138

ТУРИЗМДЕГІ МАРКЕТИНГ

Самарханов Дамир Қанатұлы
damir_2295@mail.ru
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, туризм мамандығының
І-курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Рустемова С.М

Мақалада жалпы маркетингтің түсінгі беріліп, оның туризм саласымен байланыстылығы жайлы мәліметтер баяндалады. Сонымен қатар маркетингтің туризм саласындағы рөлі, туризмнің экономикалық тиімділігінің артуына, туристік ресурстарды тиімді пайдалануды, туристік индустрияның дамуы үшін жағдай жасауды анықтайтын мемлекеттік іс-шаралардың жиынтығынан біліп байқауымызға болады.

Негізгі ұғымдар: маркетинг, туризм маркетингі, тұтынушы, туристік фирма, туристік өнім.

Қазіргі кездегі туризм - бір жағынан, жаңа құбылыс болып табылады, себебі ол тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана көпшілік сипатына ие болды, екінші жағынан, оның тарихи түп- тамыры терең, өйткені адамзатқа туризм ерте заманнан бері танымал. Туризм саласы ХХ ғасырдың феномені деп айтуға болады. Себебі оның дамуы кез-келген елдің экономикалық жағдайына белсенді ықпал жасап, оны жақсартуға, өзге де салалардың қалыптасуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Туризм саласында жұмысбастылықтың өсуі тұрғындар табысының көбеюіне және ұлттың тұрмыс жағдайының жоғарылауына ықпалын тигізеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда өндірістік тұжырымдама алғашқы пайда болды. Оны ХХ ғасырдың 50 жылдары туристік кәсіпорындар кеңінен қолданды. Осы кезеңде туристік қызметтерге деген сұраныс күшейді. Сондықтан туристік қызмет тұтынушылардың қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырған жағдайда да көптеген туристік қызметтерді рынокта жылдам өткізуге ұмтылды, ал туристік қызметтің саны мен сапасына аз көңіл бөлінді. 60-шы жылдардың басында туристік рынокта сұраныс пен ұсыныс арасындағы алғашқы өзгерістер көріне бастады. Бәсекелестік күрес күннен күнге шиеленісе